

Пайдаланылған табиғи газ үшін өзара есеп айырысу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 шілде N 917

"1994 жылғы бірінші тоқсанда Өзбекстаннан алынған, пайдаланылған табиғи газ үшін есеп айырысу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 қарашадағы N 1290 P941290_ қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. 1994 жылғы бірінші тоқсанда Өзбекстан Республикасынан сатып алынған табиғи газ үшін мемлекеттік қарыз деп танылған 60 (алпыс) млн. АҚШ долларын өтеу туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынысы мыналардың есебінен қабылдансын.

36530000 АҚШ доллары - 1994 жылы Өзбекстаннан Қазақстан аумағы бойынша транзиттік жүк тасымалы үшін

10421001 АҚШ доллары - 1995 жылы Өзбекстаннан Қазақстан аумағы бойынша транзиттік жүк тасымалы үшін

13048999 Ақш доллары - Ресей Федерациясы қатынас жолдары министрлігі. "Өзбек темір жол" мемлекеттік акционерлік теміржол компаниясының және Батыс Қазақстан темір жол басқармасы арасындағы 1995 жылғы 18 шілдедегі жүк және жолаушылар тасымалы үшін қарызды өтеу жөніндегі есептеу жүргізу туралы Келісімге сәйкес есептелген 20 (жиырма) млн. АҚШ долларынан.

2. "Алауаз" акционерлік қоғамы 1996 жыл ішінде Батыс Қазақстан темір жол басқармасы алдындағы 6951001 (алты миллион тоғыз жүз елу бір мың бір) АҚШ доллары мөлшеріндегі берешектің қалған сомасын өтесін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі темір жолдарының тасымалдан табиғи газ үшін қарызын төлеу есебінен 60 (алпыс) млн. АҚШ доллары сомасындағы 1996-1997 жылдар ішінде жолаушылар

вагондарын сатып алу үшін тартылған, 1994-1995 жылдардағы бұрын аударылған сомаларды қосымшаға сәйкес схема бойынша ескере отырып, Германия кредитін өтеу арқылы жоғалтқан кірістеріне өтем жасасын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы "19" шілдедегі
№ 917 қаулысына
қосымша

"Қазтеміржолжабдықтау" мемлекеттік коммерциялық кәсіпорнының жолаушылар вагонын сатып алу үшін Германиядан алған несиесін (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіндегі тасымалдаудан түскен кірістер шығынын табиғи газға байланысты қарыздар есебінен төлеуі) өтеу

СЫЗБАСЫ

Атауы і Транзиттік жүктерді Өзбекстаннан мемлекеттік қарыз і деп танылған 60 млн. АҚШ доллары есебіне тасымалдау

і Экелінгені

і	і				
Көлік және	і	Барлығы	і	Оның ішінде	
коммуникация	і		і		
министрлігі	і	і	1994 жыл	і	1995 жыл

```
i      i      i
i 600000000 i 36530000 i 23470000
```

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Қазтеміржолжабдықтау" мемлекеттік коммерциялық кәсіпорны үшін Германиядан алынған несиенің өтелуі

Ө т е л г е н і і Өтеуге жатқызылғаны

Барлығы і	Оның ішінде	і	1996-1997 жылдар
			і
			Барлығы
	і 1994 жыл	і 1995 жыл	і
23015169	і	2912277	і 20102892
			і
			36984831
